

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Чистопол ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы N 23-19 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 мамырда N 2752 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 7-6 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 04.09.2023 № 7-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 30.12.2021 № 14-31 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3 бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасы 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Үкіметінің қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Чистопол ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Чистопол ауылдық округінде жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын көше және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының хатшысы

Б. Ысқақова

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
2014 жылғы 31 наурыздағы
№ 23-19 шешімімен
бекітілді

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Чистопол ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 15.05.2020 № 60-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 30.12.2021 № 14-31 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Чистопол ауылдық округі аумағындағы ауылдар мен көшелерінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің үлгі тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Чистопол ауылдық округі аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауылдар, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Чистопол ауылдық округінің әкімімен шақырылады және ұйымдастырылады.

6. Жергілікті қоғамдастық халқы жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Чистопол ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, оның ішінде интернет-ресурстар арқылы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауылдарының, көшелердің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынды өткізуді Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Чистопол ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың, көшенің қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Чистопол ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Чистопол ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдардың, көшелердің тұрғындарының өкілдерінің кандидатураларын Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихатымен бекітілген сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның қатысушыларымен ұсынылады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы екі жұмыс күні ішінде қол қояды және қол қойылғаннан бастап бір жұмыс күні ішінде Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Чистопол ауылдық округ әкімінің аппаратына беріледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
 Ғабит Мүсірепов атындағы
 аудан мәслихатының
 2021 жылғы 30 желтоқсандағы
 № 14-31 шешіміне
 2-қосымша
 Солтүстік Қазақстан облысы
 Ғабит Мүсірепов атындағы
 ауданы мәслихатының
 2014 жылғы 31 наурыздағы
 № 23-19 шешіміне
 қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Чистопол ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 30.12.2021 № 14-31 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ; өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 02.08.2022 № 20-11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

№	Ауылдар мен көшелер атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Чистопол ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Чистопол ауылы, 50 лет Октября көшесінің тұрғындарына	3
2	Чистопол ауылы, Ленина көшесінің тұрғындарына	3
3	Чистопол ауылы, Советская көшесінің тұрғындарына	3
4	Чистопол ауылы, Набережная көшесінің тұрғындарына	2
5	Чистопол ауылы, Карла Маркса көшесінің тұрғындарына	2

6	Чистопол ауылы, Титова көшесінің тұрғындарына	2
7	Чистопол ауылы, Молодежная көшесінің тұрғындарына	1
8	Чистопол ауылы, Механизаторов көшесінің тұрғындарына	2
9	Чистопол ауылы, Новая көшесінің тұрғындарына	2
10	Чистопол ауылы, 1 Май көшесінің тұрғындарына	2
11	Чистопол ауылы, Космонавтов көшесінің тұрғындарына	2
12	Чистопол ауылы, Мир көшесінің тұрғындарына	2
13	Чистопол ауылы, Автомобильная көшесінің тұрғындарына	2
14	Чистопол ауылы, Дзержинский көшесінің тұрғындарына	1
15	Чистопол ауылы, Калинин көшесінің тұрғындарына	2
16	Чистопол ауылы, Горький көшесінің тұрғындарына	2
17	Чистопол ауылы, Комсомольская көшесінің тұрғындарына	2
18	Чистопол ауылы, Плеханов көшесінің тұрғындарына	1
19	Чистопол ауылы, Ауэзов көшесінің тұрғындарына	1
20	Чистопол ауылы, Гагарин көшесінің тұрғындарына	1
21	Чистопол ауылы, 8 Март көшесінің тұрғындарына	1
22	Чистопол ауылы, Амангельды көшесінің тұрғындарына	2
23	Чистопол ауылы, Дружба көшесінің тұрғындарына	1
24	Чистопол ауылы, Заречная көшесінің тұрғындарына	1
25	Чистопол ауылы, Ватутина көшесінің тұрғындарына	1
26	Чистопол ауылы, Магистральная көшесінің тұрғындарына	1
27	Чистопол ауылы, Киров көшесінің тұрғындарына	1
28	Чистопол ауылы, Степная көшесінің тұрғындарына	1

29	Чистопол ауылы, Юбилейная көшесінің тұрғындарына	1
30	Чистопол ауылы, Абай көшесінің тұрғындарына	1
31	Чистопол ауылы, Әлия Молдағұлова көшесінің тұрғындарына	1
32	Чистопол ауылы, ДЭУ көшесінің тұрғындарына	1
33	Гаршино ауылы, Зеленая көшесінің тұрғындарына	1
34	Гаршино ауылы, Советская көшесінің тұрғындарына	1
35	Гаршино ауылы, Роя көшесінің тұрғындарына	3
36	Гаршино ауылы, Целинная көшесінің тұрғындарына	1
37	Гаршино ауылы, Новая көшесінің тұрғындарына	1
38	Гаршино ауылы, Мир көшесінің тұрғындарына	3
39	Гаршино ауылы, Гагарин көшесінің тұрғындарына	1
40	Гаршино ауылы, Автомобильная көшесінің тұрғындарына	1
41	Гаршино ауылы, Школьная көшесінің тұрғындарына	1
42	Ялты ауылы, Победа көшесінің тұрғындарына	3
43	Ялты ауылы, Крамаренко көшесінің тұрғындарына	1
44	Ялты ауылы, Верхняя көшесінің тұрғындарына	1
45	Ялты ауылы, Нижняя көшесінің тұрғындарына	1
46	Ялты ауылы, 50 лет Октября көшесінің тұрғындарына	2
47	Ялты ауылы, Целинная көшесінің тұрғындарына	3
48	Ялты ауылы, Центральная көшесінің тұрғындарына	1
49	Ялты ауылы, Механизаторов көшесінің тұрғындарына	1
50	Ялты ауылы, Парковая көшесінің тұрғындарына	1
51	Симоновка ауылының тұрғындарына	2

52	Дубровка ауылының тұрғындарына	1
53	Князевка ауылының тұрғындарына	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК